

***Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі***

№ 1, 2017

***Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий***



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық / Құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәлі; жауапты ред. Ә. Тарақ; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – I том. – 210 б.


Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Бірінші томға абайтану саласында 1909 жылдан 1940 жылға дейін жарық көрген, уақыт сынынан өткен, тарихи және танымдық маңызы зор еңбектердің таңдамалылары енген.



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық / Құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәлі; жауапты ред. Ә. Тарақ; жалпы ред басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – II том. – 264 б.


Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді.




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Х томдық / Құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – III том. – 272 б.

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген.




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Х томдық / Құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – IV том. – 279 б.

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген.




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық / Құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – V том. – 283 б.

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Бесінші томға Абайдың шығармашылығы туралы қоғамдық және гуманитарлық ғылым салаларында жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген.




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық / Құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – VI том. – 299 б.

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Алтыншы томға абайтану саласында тәуелсіздік тұсында жарық көрген таңдамалы еңбектер арнайы топтастырылған.



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық /Құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ; Жауапты ред. З. Бисенғали; Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – VII том. – 307 б.

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналық ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мәні мен бүгінгі күн үшін маңызы көрсетілген.




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық / Ж. Дәдебаев, Ө. Әбдиманұлы, Т. Кәкішев, З. Бисенғали, З. Сейітжанов, Ж. Тілепов, А. Салқынбай, М. Үмбетаев, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов; Жауапты ред. Қ. Мәдібаева; Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – VIII том. – 279 б.

VIII томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің нәтижелері көрініс тапқан. Онда Абайдың ілімі, әдеби мұрасы, абайтану тарихы, ақын шығармашылығында негізделген құндылықтардың негіздері, пайымдау мен бағалау жүйесі, білім концепциясы, поэтикасы, шындық және шығармашылық қиял, мазмұн мен пішін секілді мәселелер қоғамның интеллектуалдық және тұрақты дамуымен сабақтас қарастырылған.




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожақанова, Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Түнкер; Жауапты ред. З. Сейітжанов; Жалпы ред. баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – IX том. – 291 б.

Бұл томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қабылдау, ақын шығармашылығының мәдениетаралық өрісі мен байланыстары, асыл нұсқа мен аударма мәселелері қарастырылған. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау), мазмұн мен мағына, образ және образдылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оларды қабылдау, пайымдау және аксиологиялық талдау бағыттарында жаңа ғылыми ойлар негізделген.



Дәдебаев Ж. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық. Абайдың антропологизмі / Жауапты ред. З. Сейітжанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – X том. – 269 б.

Профессор Жанғара Дәдебаевтың монографиялық зерттеу еңбегінде Абайдың антропологизмі, Абай шығармашылығындағы адам болмысының көркемдік, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық мәселелері қарастырылады. Абайдың Адам туралы ілімінің негізі, құрамдас бөлімдері мен бастау көздері, басты категориялары пайымдалады.



Ахметова С.С. Өнеркәсіптегі және білімдегі жаңа компьютерлік технологиялар: Монография. – Қарағанды: РББ «Болашақ-Баспа», 2015. –131 б.


Қазіргі таңда есептеуіш техникасының құралдары функционалды қатынаста басты орын алатын өнеркәсіптік роботтехникасын және автоматтандырылған өндіріс жүйелерін құру мен өндіріс пен жобалардың барлық сфераларында автоматтандырылған жобалауды кеңінен қолдану өндірісте техника - технология базасын құрудағы ірі іс-шаралар өткізудің басты стратегиясы болып табылады.

Соңғы жылдардағы микроэлектрониканың элементтік базасының облысында қол жеткен табыстар өндірістік процестерді жоғарғы сапалы автоматтандыруды, жобалы-конструкторлық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда жаңа мүмкіндіктер ашты. Қазіргі заманғы компьютерлерді кеңінен қолдану интегралды басқару жүйесі негізінде салынатын ақпаратты арнайы өңдеу жүйесін құру мүмкіндігін тудырды.

Травматология және ортопедия. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2015. – 339 б.


Ортопедия мен травматология медицина саласының тірек-қозғалыс бөлімдері түрлерінің қисайып өзгеруі және олардың қызметінің бұзылуы туралы ғылым болып есептеледі. Көптеген жарақаттар мен ортопедиялық аурулар Гиппократтың еңбектерінде кездеседі (біздің жыл санауымызға дейінгі 460-377 жылдар): буын шығуы, сынықтар, омыртқаның қисаюы, маймақ аяқ тағы басқалары. Гиппократтың еңбектерінде осы аты аталған жарақаттар мен ауруларды емдеу тәсілдері келтірілген. Ол үшін арнаулы таңғыштар, әр түрлі саймандар жасаған. Ортопедияның негізгі мақсаты туа пайда болған адам денесіндегі әр түрлі кемістіктерді ертерек тауып уақытында емдеу болып табылады. Тағы да бір мақсаты зақымдалған қол-аяқтың кемістіктерін қалпына келтіріп, кемтарлыққа душар етпеу болып есептеледі.






Ғаббасов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. Үш томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2015. – 2-том. – 312 б.

Бұл кітапқа енген туындылар кім-кімге де ой салатын, таным деңгейін биіктетіп, тағылым-тәрбиелік із қалдыратын толымды еңбек. Кітаптың тақырып аясы ауқымды. Енгізілген қай материал да ықшам әрі нұсқалылығымен ерекшеленеді.




Ғаббасов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. Үш томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2015. – 3-том. – 328 б.

Совет-Хан Ғаббасовтың «Қандауыр» романы басты оқиғасы медицинаның бақ құмар шенеуніктері мен медицинада жаңалық енгізуге ұмтылған білікті маман арасындағы тартыстар мен кедергілерге құрылған. Романда асқазан операциясын жасау жөніндегі Бильроттың қалыптастырған әдісіндегі кемшіліктерді ғылыми тұрғыда дәлелдеп ашу мақсатында жас маманның клиникалық және эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмыстары, ашқан жаңалығын өмірге ендіру жолдары, осы жолда кездескен кедергілер мен тартыстар, оқыс оқиғалар сенімді түрде баяндалған.




Туркенов Т.Қ., Сарбасова Қ.А. Білімдегі инновациялық технологиялар. Оқу құралы. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2015. – 137 б.

Ұсынылып отырған оқу құралының мазмұнында инновациялық педагогикалық технологияларының түрлері, олардың ерекшеліктері және пайда болу тарихы мен дамуы жайлы мағлұматтар берілген. Сонымен бірге оқу құралының мазмұнын ашатын теориялық материалдар қарастырылған.




Кенеш Ә.С. Математиканы қайталайық. Оқу құралы. – Қарағанды; «Болашақ-Баспа» РББ, 2015. – 213 б.

Есептер жинағында мектеп курсының математикасының барлық тараулары бойынша 2000 астам есептер мен жаттығулар жинақталған. Әрбір тараудың алдында қысқаша сәйкес теориялық материалдар беріледі, Осы тақырып бойынша типтік мысалдарға талдау жасалынады.




Хамзин М. Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы (Орталық Қазақстан ақындары шығармашылығы негізінде). Монография. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2015. – 168 б.

Зерттеу еңбегінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысы аралығында ғұмыр кешкен, шығармашылық жолына ел тәуелсіздігі идеясын арқау еткен Орталық Қазақстан өңірі ақындарының шығармалары талданды.



**Дәлмағанбетұлы Т. Шығармалары: Өлеңдер /Құраст.:
Е. Тұңғышбекқызы, С. Тұңғышбекұлы, Т.К. Балғабеков, Ж.
Шекен. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2015. – 208 б.**

Бұл жинаққа Шет өңірінде дүниеге келген Дәлмағанбетұлы Тұңғышбектің шығармалары топтастырылған. Шет өңіріндегі алғашқы ұстаздардың бірі, ауданды құрудағы алғашқы белсенділердің бірі болған. Өлең-жырлары мерзімдік басылымдарда үнемі басылып тұрған.



«Жастар және қазіргі замандағы әлемдік мәселелер» студенттер, магистранттар, докторанттар және жас ғалымдардың Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-практической конференции студентов, магистрантов и докторантов и молодых ученых «Молодежь и глобальные проблемы современности». – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2015. – 2 Том. – 340 б.


Бұл жинаққа студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың «Жастар және қазіргі заманғы әлемдік мәселелер» тақырыбындағы Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілді.

Аталмыш жинақта қоғамдық өміріміздің барлық саласында қазіргі жағдайда өткір қойылып отырған мәселелерге, интеграциялық үрдіс ерекшеліктеріне талдау жасалған.



Қазақтар. Халықтың бет-бейнесі = Казахи. Лик народа = Kazakhs. The face of the People / Құраст.: Д.А. Марғұлан, Б. Албани, Д.А. Кунаев, Д. Марғұлан; Әлкей Марғұлан атынд. халықаралық қор. – Алматы, 2015. – 160 с. (на казахском, русском, английском языках)

Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан жан-жақты терең білім жинақтаған ғалым, қазақ халқының рухани, мәдени мұрасының зерттеушісі, Қазақстан археология ғылымының негізін салушы. Ол көне түрік жазулары, мифология, көне және орта ғасыр архитектурасы, егіншілік, Орта Азия көшпенділері (номадтары) жайлы іргелі монографиялық еңбектердің авторы.




Төлепберген қажы тегі Тұрсынбек Басбайұлы. Сунақтар (Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тараған Һисамиддин (Сунақ-Ата) ұрпақтарының шежіресі). 5-кітап. - Алматы, 2015. – 736 б.

Кітапта Әбу Бәкір ас-Сыддықтан бастап Сунақтардың шығу тегі туралы тарихи мәліметтерді арқау ете отырып, құжаттардағы және ауызша, әрі қолжазба түрінде жеткен деректерді бір жүйеге келтіріп, жинақтап, бұрынғы еңбектеріме енбей қалған аталарды, олардың бүгінгі ұрпақтарын қосып, хронологиялық тәртіппен баяндалады. Әбу Бәкір ас-Сыддық ұрпақтарының бұл шежіре кітабы көпшілікті парасаттылыққа, бабалар жолын қадірлеуге, имандылыққа тәрбиелейді.



Ел болам десен, бесігіңді түзе / Жинақтаған С. Ибадуллаев. – Алматы, 2015. – 232 б.

Имандылық тәрбиесі - адамзатты асқақ мәртебеге көтеретін басты негіз. Бұл кітапта қазақ халқының салт-санасымен біте қайнасқан мұсылмандық тәрбиенің берекелі бастаулары, имани тәрбиенің баспалдақтары туралы сөз болады. Нәресте туылғанда жасалатын салт-жоралғылар мен мұсылманша ат қою үрдісі талқыланып, сондай есімдердің біраз үлгілері берілген.




Майлыбайұлы К. Өнегелі өмір: Өлеңдер жинағы / Құраст. Санагүл Көлібайқызы. – Алматы, 2015. – 232 б.

Көпшілік қауым назарына ұсынылып отырған «Өнегелі өмір» атты жинақ «Мәдени мұра» негізінде құрастырылып отыр.


Оңтүстік Қазақстан облысының рухани азығына айналған «Қазыналы Оңтүстік» аталымымен берілген көп томдық көркем әдебиеттің бірегей туындыларының бірнеше томына арқау болған айтыскер ақын, жырау Көлібай Майлыбайұлының шығармашылығына арналған.

Жинаққа ақынның қолжазба мұрасында сақталған қысқаша өмірбаяны, аңыз, әпсаналары, жыр толғаулар, беташар, бата-тілектерімен қатар аудан, облыс аралық ақындар айтысындағы сөз сайыстарындағы бірнеше шығармасы берілген.



Дәулет Ф.Н. English – Kazakh – Russian-Chinese Phrasebook = Ағылшынша – қазақша – орысша – қытайша тілдескіш = Англо – казахско – русско – китайский разговорник. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 239 б.

Бұл тілдескіште ауызекі тілде қолданылатын сөйлем үлгілері қамтылған. 12000 ауызекі тіл орамдары төрт тілдегі 35 тақырып аясында берілген.



Жұмабекова Ф., Нұрғазиева Н. Әдістемелік басқару: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 168 б.


Аталған оқу құралында технология пәнін ұйымдастырудың теориясы мен тарихы, пәннің мақсат-міндеттері, технология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту және мұғалімге қойылатын талаптар қарастырылған. Технология пәні әдістемелік қызметінің негізгі бағыттары, әдістемелік кеңестің түрлері, технология пәнінен әдістемелік апталық өткізудің логикалық құрылымы, технология пәнінің ерекшеліктері мен әдістемелік басқару мәселелері, технология пәнін сыныпта және сыныптан тыс ұйымдастырудың жолдары жан-жақты баяндалған.



Адамбаев М. Автоматты басқару теориясы: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2015. – 152 б.


Оқу-әдістемелік құрал автоматты басқару теориясының негізгі тараулары бойынша топтастырылған автоматты жүйелер есептерінің сандық мысалдарын құрайды. Мысалдар керекті әдістемелік нұсқаулармен және түсініктемелермен келтірілген.

Құрылымдық сұлбаларды құру мен түрлендіру, операторлық теңдеулерді құру, буындар мен жүйелердің беріліс функцияларын анықтау және АРЖ жұмысының орнықтылығы туралы мәселелер қарастырылған.




Амерханова Ш.К. Аналитикалық химия: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 208 б.

Оқулық жана ғылыми-әдістемелік деңгейде жазылған, химиялық сандық анализ және анализдің физикалық-химиялық әдістері бойынша аналитикалық химия ғылымының теориялық негіздері мен жетістіктері келтірілген.



Үсенов С. Информатиканы оқытуда электрондық ресурстарды пайдалану: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 152 б.

Бұл оқу құралында білім беруді ақпараттандыру, сонымен бірге информатика пәнін оқытуда электрондық ресурстарды пайдаланудың теориялық негіздері, информатиканы оқытуға арналған электрондық ресурстарды жасау, сараптау және пайдалану технологиясы, информатика пәні бойынша электрондық ресурстарды қолданудың әдістемелік негіздері ұсынылған.



Жұмағұлов Қ.Т., Көкебаева Г.К., Мәшімбаев С.М., Садықова Р.О. Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 357 б.


Оқу құралы студенттерге Еуропа және Америка елдеріндегі жаңа және қазіргі замандағы қоғамдық-саяси, рухани және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді түсінуге көмектесу мақсатымен дайындалған. Батыс елдерінің тарихы тарих ғылымындағы соңғы, түбірінен өзгертілген жаңа көзқарасқа негізделген. Сонымен қатар Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің тарихын бір тақырыпқа топтастыру осы аймақтың саяси және экономикалық дамуындағы ортақ сипаттары мен ерекшеліктерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берген.



Керімқұлов Қ., Нұрсейітов Ш., Шертаев Е. Жалпы химиялық технология: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2015. - 376 б.


«Жалпы химиялық технология» курсы химия және химиялық технология ғылымдарының негізгі әрі күрделі саласын құрайды және кәсіптік пәндерге жатады. Жалпы химиялық технология қолданбалы ғылым ретінде химияның теориялық заңдылықтарын іс жүзіне асырып, бағалы химиялық өнімдер алуға қол жеткізеді.

Бұл кітапта өндіріс жағдайында өнім шығымдылығына әсер беретін химиялық процестердің тепе-теңдігі мен жылдамдығы, гомогендік, гетерогендік және катализдік процесстер қарастырылған. Және бірқатар маңызды химиялық өндірістердің технологиялары берілген.




Айшуақова Т., Черкешов Ж. Жалпы мұнай және мұнай кәсіпшілігі геологиясы: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 128 б.

Оқу құралында еліміздегі алдыңғы қатарлы мұнай және газ кен орындары туралы мағлұматтар беріліп, кен орнын, геология туралы түсінік, мұнай және газ кәсіпшілік геологиясы, мұнай және газ кен орындарының геофизикалық сипаттамалары, мұнай және газдың физикалық қасиеттері, мұнай және газ кен орындарын іздеу және барлау туралы мәліметтер берілген.




Қалкенова Б. Адам анатомиясы, жас ерекшелігіне қатысты физиология және гигиена: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 344 б.

Оқу құралының кәсіптік бағыты бар. Оқытушылардың оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыра отырып, білім алушылардың қалыпты өсіп-дамуына қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуіне көмегін тигізеді.



Кабдулкаримова К., Омарова Н. Жалпы және бейорганикалық химия курстарынан есептер мен жаттығулар: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 344 б.

Оқу құралында химияның негізгі түсініктері мен химиялық процестер жүруінің жалпы заңдылықтарының теориясы (тотығу-тотықсыздану реакцияларының, термохимияның, электролиттік диссоциацияның, тұздар гидролизінің, комплекс түзілудің) берілген және осы тақырыптар бойынша есептердің шығару жолы көрсетілген. Практикалық сабақтар мен БОӨЖ сабағында орындау үшін тексеру сұрақтары мен есептер жауаптарымен берілген. Сонымен бірге элементтер химиясының қасиеттерін көрсететін есептер мен сұрақтар берілген.




Жумагулов Қ.Т., Нұрпейісова Б.Е. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республиканың қаржы жүйесінің құрылу тарихы мұрағат құжаттары негізінде (1920-1932 жж.): монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 198 б.

Монографияда Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республиканың қаржы жүйесінің құрылуы, кадрмен қамтылуы, қаржылық саясаттың заңдылық негіздері және орындалуы, 1920-32 жылдар аралығында өндірісті, ауылшаруашылықты, мәдени-әлеуметтік іс-шараларды, отырықшылықты қаржыландыру Қаржы комиссарлығының мұрағаты негізінде қарастырылған.




Қосанов Б.М. Ана тіліндегі алғашқы математика оқулықтары: монография. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 500 б.

Монографияда қазақ мектебіне арналған математика оқулықтарының 1937 жылға дейінгі тарихы баяндалған. Бұл тарихи-педагогикалық үдерістің қалыптасу кезеңі және оған негіз болған рухани тамырлар мен бастау - бұлақтар айқындалып, 1914-37 ж.ж. жарық көрген ана тіліндегі алғашқы математика оқулықтарына жүйелі мазмұндық-әдістемелік талдаулар жасалған.



Біжкенов Е. Арман асуында. – Астана: «Мастер По» ЖШС, 2015. – 254 б.


Саналы ғұмырын ел ісіне арнаған Е.Біжкенов көркем әдебиет әлемінен де қол үзбеген жан. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қара шаңырағынан білім нәрімен сусындаған ол, Алматыда қалып, қаламгерлердің дүбірлі тобының бел ортасында жүрмесе де, ел" арасында тұрып, шығармашылықпен айналысты. Артында қалған «Күйеу балаға құрылған тор», «Өмір өткелінде», «Арман асуында» атты туындылар мен В.Дроздан аударған «Сластионның бас киімі» повесі - кәсіби жазушы емес, әдебиеттің киесін түсінген азаматтың қаламынан туған құнды дүниелер. Кітап Е.Біжкеновтың туғанына 80 жыл толуына орай екінші рет жарық көріп отыр.



Бажықова К.Б. Алифатты қосылыстардың органикалық химиясынан зертханалық жұмыстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 80 б.

Бұл еңбек алифатты қосылыстардың органикалық химиясы пәні бойынша жүргізілетін зертханалық жұмыстарға арналған және жоғары оқу орындарының білім стандартына сәйкес жазылған.

Кітапта органикалық қосылыстарды бөлу және тазалау әдістері, сондай-ақ теориялық курста қарастырылатын тақырыптарға сай қосылыстарды синтездеу әдістері көрсетілген. Әр жұмыста синтезді жүргізу реакциясы жазылып, қажетті құрал-жабдықтардың тізімі көрсетіліп, кейбір жұмысқа қажетті қондырғылардың суреттері берілген. Зертханалық жұмыстарды жүргізуге көмек ретінде қолданылатын химиялық ыдыс түрлері мен және органикалық еріткіштер мен заттардың физикалық тұрақтылары берілген.




Исакова К.А. Бағдарламалау технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 216 б.

Бұл оқу құралы бағдарлама құруды оқып үйрену үшін арналған. Оқу құралында қойылған мақсат, тәжірибе жүзінде бағдарламалауды қолдануды үйрену. Бағдарламалау технологиясы сенімді бағдарламалық құралдарды әзірлеу технологиясы ретінде, қоғамдағы компьютерлер мен бағдарламалаулардың, қоғамды ақпараттандырудың негзгі көзі болып табылады. Бағдарламалау мен басқа да білім салаларының өзара байланысын көрсетеді. Компьютерлік техниканың қолданылу аясы, қолдану барысында бағдарламалау технологиясы мәселесін шешу процестерін қарастырады.




Тұрғараева Г.М. Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық - саяси және мемлекеттік қызметі (1872 -1937 жж.): Монография. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 258 б.

Автор ұсынып отырған еңбек А. Байтұрсыновтың өскен ортасы, білім алған орны мен ағартушылық қызметінің саяси күрестегі орыс зиялылары арасындағы арақатынасын салыстыру арқылы оның дүниетанымын, саяси көзқарасының өсуінің ішкі мазмұнын, табиғатын аша отырып, оның қоғамдық, саяси, мемлекеттік және ғылыми қызметіне қатысты барлық зерттеулерді, мұрағат құжаттары мен басқа да дерек көздерін жаңа заман талаптары тұрғысынан саралап, А. Байтұрсыновтың саяси көзқарасының, саяси қайраткер ретінде қалыптасуына тигізген әсерін өте тартымды көрсеткен.




Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы: практикум / Ж.Қ. Қайырбеков, Е.А. Әубәкіров, Ж.Х. Ташмұхамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 87 б.

«Жалпы химиялық технология» пәні бойынша білім алатын «5В072000-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының студенттеріне арналған практикум бейорганикалық заттардың өндірісте анағұрлым сұранысқа ие технологиясының теориясы мен практикасының сұрақтарын қамтиды. Олар: аммиак селитрасын өндіру технологиясы, азот қышқылын өндіру технологиясы, пиритті күйдіру арқылы күкіртті газды өндіру технологиясы, суды анализдеу және дайындау технологиясы. Студенттердің өзін-өзі бақылауы үшін сұрақтар, есептер мен тестік тапсырмалар келтірілген.




Әбдіманұлы Ә. Ахметтану: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 273 б.

Бұл кітап Ұлттың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық болмысын тануға арналған Тәуелсіз еліміздегі тұңғыш оқу құралы. Сондықтан да «Ахметтану» атты оқу құралында А. Байтұрсынұлының қазыналы мұрасы шығармашылық даналығымен, даралығымен ұштастырыла берілген.




Абай және қазақ болашағы. Тарихи ұлы тұлғалар. – Алматы, 2015. – 166 б.

Халқымыздың дана да дара кемеңгері, данышпан ақыны әрі ойшылы - Абай Құнанбайұлының қара сөздері қазақ халқын, жалпы адамзат баласын екі ғасырдан бері рухани құндылықтарға жетелеуде. Осыны негізге алған автор ХХІ ғасырда, жаһандану заманына жаңа көзқараспен қарап, инновациялық серпіліс беріп, экономикалық талдау жасап, алдағы цивилизациялық сұраныстарға лайық деген өзінің он үш ойлы толғамдарын оқырмандарға ұсынып отыр. Бұл еңбекте Қазақ елін алға жетелейтін құндылықтардың тетіктері мен тың пікірлер берілген, болашаққа бағыттайтын жол мен жобалар да бар. Сондай-ақ, қазақ еліне. жалпы өркениетке елеулі үлес қосқан тарихи ұлы тұлғалар туралы қысқаша мәлімет беріледі.




Байарыстанов А.О. Жоғары математика: оқулық. Екі бөлім. – Алматы, Нур-Принт, 2015. – I бөлім. – 232 б.

Оқулықта сызықтық алгебра, аналитикалық геометрия сонымен бірге математикалық талдаудың негізгі бөлімдері дифференциалдық және интегралдық есептеулер қарастырылған. Әрбір тақырыпта өзіндік жұмысқа арналған 30 нұсқалық есептер берілген..




Байарыстанов А.О. Жоғары математика: оқулық. Екі бөлім. – Алматы, Нур-Принт, 2015. – II бөлім. – 218 б.

Оқулықта көп айнымалыдан тәуелді функциялар, еселі интегралдар, дифференциалдық теңдеулер, сандық және функционалдық қатарлар сонымен бірге ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтері бөлімдері қарастырылған. Әрбір тақырыпта өзіндік жұмысқа арналған 30 нұсқалық есептер берілген.




Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша – орысша - ағылшынша анықтамалық сөздігі = Казахско-русско-английский справочный словарь терминов = Kazakh – russian – english references glossary Mass media and telecommunications. Редактор-құраст.: Қ. Тұрсын. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 632 б.

Ақпараттар ғасырында Масс медиа және телекоммуникация саласының байланыс аясы күн өткен сайын кеңейіп келеді. Сонымен қатар, сандық телевизияның өмірімізге дендеп енуі де оның қолданыс мүмкіндігін арттыруда. Сондықтан тұңғыш рет үш тілде даярланып отырған анықтамалық сөздікте отандық БАҚ саласында әрі әлемдік ақпарат кеңістігінде күнделікті қатынаста қолданылатын сөздер, терминдер және оларға анықтамалар толық қамтылған.



Бабадан қалған асыл сөз: Қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың Отан, патриотизм туралы нақыл-өсиеттері, даналық ойлары мен қанатты сөздері / Құраст. А. Акишева. – Алматы: Раритет, 2015. – 200 б.

Ұлтымыздың бірегей де ұлы тұлғаларының даналық ойлары, қанатты сөздері — елдігіміздің, бірлігіміздің, рухани болмысымыздың ерекше бір көрінісі, теңеусіз бай қазынасы. Қазақ хандығының 550 жылдық мерейлі тойына орайластырылған осынау жинақта Ұлы Даланың шешендік өнерінде терең із қалдырған ұлы ғұламалар мен дана ойшылдардың, ақын-жазушылар мен мемлекет қайраткерлерінің, ел билеген қағандар мен әскери қолбасшылардың, данышпан тұлғалардың ел ішін ауызбірлікке, татулыққа шақырған салиқалы ой-толғаныстары, келер ұрпаққа арнаған өнеге-өсиеттері, қанатты сөздері, сондай-ақ Отан туралы, тіл туралы жыр-толғаулары мен өлең, дастандарынан алынған үзінділер уақыт елегіне сай, хронологиялық тұрғыдан топтастырылған.




Бағашар Қ. Ислам және өнеге. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 192 б.

Имандылықтың тамырын Исламнан іздеп, бүгінгі күннің өміршеңдігімен танылған тақырыптарын бүкпесіз сөз еткен дінтанушы Құдайберді Бағашар бұл еңбегінде «өмір» атты кеңістіктің галереясын түзіп, рухани құндылықтармен сусындауға шақыратын, оқырмандарға ой саларлық туындыларын ұсынады.



Рахманов Қ. Ислам экстремизм мен лаңкестікке қарсы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 320 б.

Ислам дінінің ұстанымдары мен оның ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан тәжірибесіне үңілген кез келген жан Ислам мен лаңкестіктің, экстремизмнің т.б. адамзатқа қарсы қастандықтардың бір-біріне мүлдем жат екеніне куә болады. Мұхаммед (с.а.с.) үмбетін терроризм, экстремизм сияқты қанқұйлы әрекеттермен байланыстыру асыл дінімізге күйе жағып, нұқсан келтіру мақсатында жасалып жатқан ақпаратты жымысқы насихат екені көрінеді.



Кішібеков Д., Кішібеков Т. Ғылым тарихы мен философиясы: Оқу құралы / ҚР БЖМ, Қ.И. Сәтбаев атынд. ҚазҰТУ, КЕАҚ. – 4-басылым, толық. – Алматы: "ҚазҰТЗУ" КЕАҚ, 2015. – 330 б.

Оқу құралы соңғы жылдары Болон келісімі бойынша оқу орындарына пән ретінде ендірілген философиялық тақырыпқа жазылған. Мақсаты - өсіп келе жатқан ғылымдарға дүниетанымдық, методологиялық жәрдемді күшейту, қазіргі заманда философияның қоғамда атқаратын рөлін көтеру. Сондай-ақ «Ғылым тарихымен философиясы» әлі қалыптасып бітпегендіктен, тарихы өте ерте замандардан басталатын көшпелілер даналық ерекшеліктерін ескеріп, оқулыққа ендірілдік. Өйткені ойға қажетті ой қосып, білімді тереңдетеді деп түсінеміз.




Әлімжанов Б. Ғарыш пен қазақ. Өлең-жырлар. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2015. – 208 б.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қырғызстанның А. Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты, ақын, драматург, жазушы Баянғали Әлімжановтың «Ғарыш пен қазақ» атты кітабына соңғы жылдары жазылған сүйікті өлеңдері мен сүйекті жырлары топтастырылған.




Дүйсенова Ж.Қ., Нығыметова Қ.Н. Балалар психологиясы: Оқулық. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 333 б.

Оқулықта балалар психологиясы пәнінің жалпы заңдылықтары, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жалпы психологиялық даму үдерісі жан-жақты қарастырылған. Теориялық білімді, дағдыны, іскерлікті бекітуге арналған пратикалық тапсырмалар жинағы және тест сұрақтары беріліп отыр.




Әділбаев А., Имамәди Т. Имам Ағзам Әбу Ханифаның ғибратқа толы ғұмыры. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 172 б.

Бұл кітапта Ислам құқық мәзһабтарының көшін бастаған имам Ағзам Әбу Ханифаның ғибратқа толы ғұмыры, ізгі қасиеттері мен өнегелі істері қамтылған. Деректер тарихи әдебиеттер мен Әбу Ханифаның өмірінен сыр шерткен еңбектерден таңдалып алынған.




Археология және Қазақстан этнологиясы: библиографиялық көрсеткіш / ҚР Ұлттық кітапханасы; құраст. М.К. Әбілова; ред. Ә.Ш. Сәйдембаева; алғы сөзін жазған А.Ш. Алтаев. – Алматы, 2015. – 405 б.

Көрсеткіш ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі Қазақстан археологиясының мәселелері бойынша 1922 жылдан 2015 жылдың қаңтар айына дейінгі баспа бетінде жарық көрген әдебиеттерді қамтыды. Библиографиялық көрсеткіш Қазақстан археологиясы мен этнологиясының мәселелері бойынша революцияға дейінгі кеңестік, шетелдік және отандық зерттеушілердің ізденістерімен байланысты әдебиетке арналады. Көрсеткішке кітаптар, кітап және журнал мақалалары. Қазақстан археологиясы мен этнологиясы жөнінде жазылған ғылыми еңбектер, диссертациялар енгізілді.




Көптілеуова Д.Т., Аубакирова Қ.Қ. Араб әдебиеті (ғылыми фантастика): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 119 б.

Оқу құралының басты мақсаты студенттерге қазіргі заман араб әдебиеті, соның ішінде қазіргі араб әдебиетінде ғылыми фантастика дербес жанр ретінде ХХ ғасырдың 60-70 жылдары фантаст-жазушылардың шығармалары арқылы қалыптасуын, түрлері мен бағыттарын, өкілдерін таныстыру болып табылады.



Джекебаева М. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 176 б.

Монографияда еркіндік пен жауапкершілік категорияларына жеке-жеке анықтамалар беріліп, теориялық-методологиялық негіздері философия тарихында қарастырылып, түрлеріне тоқталып, қазіргі таңдағы ғылым мен философия тарихындағы орнына ғылыми-философиялық және әлеуметтік талдаулар жасалынады. Зерттеу барысында бұрын назардан тыс қалып келген еркіндік пен жауапкершіліктің түрлері мен атқаратын қызметтері шетел және Отандық ғалымдардың еңбектері арқылы айқындалған. Еркіндік пен жауапкершілік философия тарихында кезең-кезеңімен жүйелі қарастырылып, кеңінен қамтылған.




Нұрышева Г.Ж. Еуропалық Орта ғасыр және Қайта Өркендеу философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 148 б.

«Философия» мамандығының студенттері үшін міндетті болып есептелетін «Еуропалық Орта ғасыр және Қайта Өркендеу философиясы» пәні бойынша дайындалған оқу құралына пән бойынша дәрістер, семинар сабақтарының, студенттің өзіндік жұмыстарының және студенттің оқытушымен бірге өзіндік жұмыстарының тақырыптары мен оларға дайындалуға арналған әдістемелік нұсқаулар енген.



Абдраман Ш. Жерасты кен қазудың жаңа технологиялық шешімдері пәні бойынша. Магистрант үшін оқу-әдістемелік кешен. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 101 б.


«Кенді және бикенді қазу технологиясы» курсы бойынша магистранттармен «Жерасты кен қазудың жаңа технологиялық шешімдері» пәнінің әдістемелік бағдарламасының құрылымы мен мазмұны олармен дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтарға, сондай-ақ мұнымен сабақтас мамандарды кәсіби-техникалық және педагогикалық (КТ ж П) тұрғыда өзіндік ізденіске баулуды ұйымдастыруға арналған. Оқу бағдарламасы зерделінетін пәннің технологиялық шешімінен мағлұмат беруге шақталған. Бағдарламада дәрістің қысқа мәтіні мен қоса бақылау сұрақтары және әдебиеттер атауы берілген.



Даулиева Ғ.Р. Институционалды экономика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 140 б.


Институционалды экономика мемлекетпен заңдастырылған институттарды зерттеумен қатар, адамдардың күнделікті іс-әрекетінде орын алатын заңдастырылмаған ережелерге де назар аударады. Сондықтан экономикалық мамандықтарды дайындауда институционалды экономиканы оқыту, теориялық негіздері мен талдау әдіснамасын меңгерту құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысында маңызды.

Оқу құралында институционалды теорияның негіздері, әдістемелік ерекшеліктері, экономикалық талдау құралдары қарастырылады.




Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография. – Алматы: Қаза университеті, 2015. – 242 б.

Монографияда Абай поэзиясындағы СӨЗ мағынасы мен мәні мәдени-танымдық бағытта сараланып, лебіздің семантикалық, лингвопоэтикалық сыры зерттеледі. Зерттеу жұмысының басты ерекшелігі СӨЗ мағынасы мен мәнін лебіз теориясымен түсіндіруімен ерекшеленеді.




Ғылыми-техникалық терминдерді латынша жазу жобасы: Ғылыми зерттеу / Б.Ж. Исхан, Б.Р. Оспанова. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015. – 112 б.

Жазбаша тілдің дамуы - кез келген халықтың мәдениетінің, өркениетінің деңгейін анықтайтын басты белгілердің бірі. Қазақ жазуы түрлі кезеңде түрліше болып келді. Қазір елімізде латын әліпиіне көшу мақсатында зерттеулер жүргізіліп, дайындық жұмыстары қолға алынып жатыр. Соның бірі - қолданыста болып келе жатқан ғылыми-техникалық терминдерді болашақ жаңа әліпбимен таңбалау мәселесі. Зерттеудің авторлары лингвист-мамандардың қазақ тілі дыбыстық жүйесіне қатысты негізгі ой-тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, терминдерді тіліміздің латын жазуына негізделетін болашақ әліпбиімен қалай жазуға болатыны жөніндегі өздерінің жобалық қағидаларын ұсынады.



Мақашев Е.П. Алгоритмдер және программалау: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 123 б.

Оқу құралында алгоритмдер мен деректердің құрылымы, сұрыптау, іздеу және рекурсивті алгоритмдер, Пост және Тьюринг машинасы, алгоритмдерді талдау негіздері, қасиеттерін, түрлері мен берілу тәсілдерін үйрету арқылы логикалық ойлауын, алгоритмдік білімін дамыту C/C++ программалау тілінде программалар арқылы келтірілген және кітаптың соңында қарастырылған тақырыптарға байланысты тест берілген.





Сауданбекова Ш.Т. Аударма теориясы және практикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 91 б.

Оқу құралының басты мақсаты шет тілдерін үйреніп жүрген аудармашыларды дайындаудың теориялық және практикалық негізімен, аударманың тілдік теориясындағы негізгі қағидаларымен таныстыру және практикалық техникасы сияқты кәсіби дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

**Асқарова А.С., Болегенова С.А., Бекмухамет А.
Жылуэлектрстанциясының жану камерасындағы көмірдің
турбуленттік жануын компьютерлік модельдеу: монография. –
Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 151 б.**


Монографияда атқаратын жылуэлектрстанциясының өндірістік қазандықтарының жану камерасында қатты отынды тозанды түрінде жағу кезінде орын алатын жылу массатасымалдау процестерін зерттеуге бағытталған. Әрі зерттеу мәселесінің физика-математикалық, химиялық модельдерімен қатар алға қойылған есептің алгоритмі және сандық әдісі жасақталған. Алматы ЖЭО 2-нің БКЗ-420 қазандығының техникалық сипаттамаларын ескере отырып жану қазандығының геометриялық моделі жасалды. Сонымен қатар Навье-Стокстың үш өлшемді теңдеулерінің, химиялық реакциялардың кинетикасы ескеріліп жылу мен масса тасымалданудың, турбуленттілік пен ортаның көпфазалылығы, конвективті және радиациялық жылуалмасу теңдеулері негізінде камераның барлық көлемі бойында, әрі оның негізгі көлденең бойлық қималарында сондай-ақ шығыс аймағында ағыстардың аэродинамикалық, жылулық және концентрациялық сипаттамалары анықталды. Аталмыш тәжірибелік есептеу нәтижелері ЖЭС орталықтардан алынған негізгі эксперимент нәтижелерімен салыстырылған. Әрі жану қазандығының құрылымдық және геометриялық параметрлерінің жылу масса тасымалы пренесіне әсері зерттеліп, күлділігі жоғары Екібастұз көмірін БКЗ-420 жану қазандығында тиімді жағу әдісі ұсынылған.






Жұма А., доктор, Мысыр елінің мүфтіі. Дінде шектен шыққандар (Ұстанған жолы мен ерекше мән берген мәселелері). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 144 б.

Бұл кітап - діни ілім-білім төңірегінде жазылған таптырмайтын құнды еңбектердің бірі. Аталмыш еңбек - ұзақ зерттеу мен терең талдаудың жемісі. Сонымен қатар, дерт пен дауа түрлерінің қыр-сырын жақсы таныған білікті дәрігердің берген бағыт-бағдарымен парапар дүние.



Жексенбаева А.К., Мадиеков А.С. Атмосфераның ластануы және оны қорғау бойынша лабораториялық практикум. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 122 б.

Берілген лабораториялық практикумда қазіргі ластану теориясының базалық аспектілері, әуе кеңістігіндегі қоспалардың диффузиясы, өте қажетгі қайнар көздерден шығатын ластану өрістерінің негізгі есептеу тәсілдері, атмосфера ластануының метеорологиялық жағдайлары, атмосфералық ауаның сапасын басқару туралы сұрақтар, қоршаған орта мониторингісінің негіздері қарастырылған. Әр тақырып бойынша студенттерге курсты игеру үшін өзін-өзі тексеру сұрақтары берілген.




Асқарова З.А., Сраилова Г.Т., Маркеева С.С. Адам және жануарлар физиологиясы бойынша зертханалық сабақтарға жетекші құрал: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 213 б.

Оқу құралы жоғары оқу орны биология факультетінің студенттеріне арналған. Оқу құралында студенттердің адам және жануарлар физиологиясының барлық бөлімдері бойынша орындалатын тәжірибелердің толық сипаттамасы келтірілген.




Бейсебаева А.С. Айнымалы жұлдыздар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 110 б.

Оқу құралында айнымалы жұлдыздардың негізгі сипаттамалары, қасиеттері түсінікті формада келтірілген. Төрт тараудан тұратын оқу құралында айнымалы жұлдыздар каталогының тарихы, фотометриялық мағлұматтары, классификациясы, Герцшпрунг-Рассел диаграммасында орналасуы және айнымалы жұлдыздардың негізгі типтері, кіші типтері толығымен қарастырылған. Оның ішінде пульсацияланатын, қос тұтылмалы жүйелер, жарылғыш және жаңаға ұқсас жұлдыздар жөнінде мағлұматтар барынша қамтылған.




Дарқанбаев Т. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – Т. 67. – 357 б., сур.

Бұл кітап ұлағатты ұстаз, жоғары білім беру саласының беделді ұйымластырушысы, 1955-1961 жж. аралығында казіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болған биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаевтың ғұмыр жолына арналады. Кітапта ғалымның қоғамдық және мемлекеттік, ғылыми-педагогикалық қызметі мен өмірінің негізгі кезеңдері қамтылған мақалалар, мұрағат құжаттары, фотосуреттер, әріптестері мен шәкірттерінің, отбасы мүшелерінің ыстық ықыласқа толы лебіздері топтастырылған.



Жатқанбаева А.Е., Қуаналиева Г.А. Қаржы құқығынан орысша-ағылшынша-қазақша түсіндірме сөздік. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 154 б.

Сөздікте Қазақстан Республикасының Қаржы құқығы саласына қатысты терминдер мен атаулардың, сөз тіркестерінің орысша, ағылшынша, қазақша түсіндірмесі берілген.



Әміреев Ы. Статистика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2015. – 572 б.

Ұсынылып отырған оқулықта типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптар толығымен қамтылған және оларды жетілдіру, толықтыру үшін әр тақырып өздерінің аттарына сәйкес келетін сандық көрсеткіштермен сипатталған, яғни есептерден құрастырылған, қолданылатын формулалары келтірілген. Мұндағы келтірілген көрсеткіштердің көпшілігі ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2008-2013 жылдардағы жарыққа шыққан жылнамалығы мен жинақтарынан алынған, ал кейбір жерлерде мысал ретінде шартты көрсеткіштер пайдаланылған.


Оқулық екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде «Статистиканың жалпы теориясы», ал екінші бөлімде «Әлеуметтік-экономикалық статистика» қарастырылған.



Жұмабаев Е. Металдарды доғамен және газбен пісіру технологиясы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 520 б.


Ұсынылып отырған оқулықта металдарды пісіру өндірісінің негіздері, металдарды қол доғасымен, жартылай автоматты және автоматты түрде ашық, қорғағыш газдар астында және флюс астында пісірудің технологиясы, сонымен қатар электрлі шлакпен пісіру және балқыма қабаттарын құю әдістері мен газ жалынымен пісіру технологиялары берілген.

Оқулықта пісірудің арнаулы түрлері және полимерлерді пісіру түрлері де қарастырылады, сонымен бірге пісіру өндірісінде қолданылатын пісіру жабдықтары мен құрылғылары және құрал-саймандары таныстырылады.




Дәуренбекова Л. Көркем мәтін және аударма: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 136 б.

Оқу құралында салыстырмалы әдебиеттану ғылымының қалыптасуы мен өркендеуі, зерттелуі қарастырыла отырып, әдеби аударманың негізгі тұжырымдары, өзіне тән ерекшеліктері, аудару тәсілдері мен тәжірибелері, көркем мәтін мен аударма мәтінінің түпнұсқамен сәйкестігі қарастырылады.




Сейсенәлиева Ж., Тоғашева Ә., Шәріпова Г. Мұнай және газ сақтау қоймасы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 272 б.

Оқулықта мұнай базалары мен газ сақтағыштарының қондырғылары мен жабдықтары және олардың орналасуы туралы мәліметтер келтірілген, сонымен қатар мұнай базалары мен газ сақтағыштарының техникалық процестерінде қолданылатын жетілдірулерге кепілдеме берілген. Осы оқулықта әлемдік мұнай-газ индустриясының дамуының қысқа тарихы, мұнай мен газдың қазіргі кезде экономикадағы рөлі талданған. Мұнай, мұнай өнімі және газды тасымалдау жүйесі туралы мәліметтер, мұнай өнімдері және газды тарату және сақтау технологиясы, сонымен қатар мұнай-газ құрылысының жер беті мен желілік техникасы мен ұйымдастыруы сипатталған.




Бахмағамбетов Б., Рүстемов С. Пайдалы қазбаларды игеруді жобалау: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 136 б.

Оқу құралы пайдалы қазба кен орындарын игеруді жобалаудың негізгі ережелері, жобалауда қолданылатын есептеулердің қаржылық-экономикалық әдістері, кен орнының бағалылығын және оның тиімділігін анықтау, кеннің құрамындағы пайдалы компоненттердің ең төменгі мөлшері және өзіндік құндары, сонымен қатар кеніштің негізгі шама шарттарын көптеген критерийлермен анықтау әдістері, кеніш алабын ашудың және т.б. қарастырылған.



Дулатова Г. Қоршаған ортаның негізгі компоненттері. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2015. - 224 б.

Оқу құралында жаратылыстың негізгі құраушы бөліктері, олардың құрылысы, маңызы, анықтау жолдары туралы айтылған. Теориялық біліммен қатар, білімді тексеру сұрақтары мен тапсырмалары, тақырыпқа сай суреттер, кестелер, графиктер, схемалар, қосымша деректер берілген.



Қозыбай А., Жексенбиева Н. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 152 б.


Оқулықта кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары қарастырылған. Атап айтсақ, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жобалап оқыту технологиясы, интерактивті оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, ойын технологиясы және т.б. технологиялардың сипаттамасы беріліп, сонымен қатар олардың артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген.



Салықов Ғ., Әжмұрат Н. Өндірістік менеджмент. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 192 б.

Оқу құралы «Өндірістік менеджмент» пәнінің типтік бағдарламасы негізінде құрастырылып дайындалды.

Мұнда негізінен өндірісті басқару мәні мен ұйымдастырудың негіздері, инновациялық жобаларды басқару, сондай-ақ өндіріске техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тиімділіктері, өндірістегі мақсаттар мен бағыттарды жоспарлау және оның орындалуын ұйымдастырудың маңызды бөліктері сипатталған.




Сердәлі Б. Мерзімді баспасөз дизайны: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 128 б.

Қазіргідей нарық заманында әрбір газет пен журнал өз бәсекелестерінің алдына шығу үшін өнімдерінің сыртқы визуалды келбетіне, яғни дизайнына айрықша мән беруде. Сол себепті дизайндық безендіру жұмысы бүгінгі медианың да ықпалына мықтап көшті. Осынау оқу құралы мерзімді баспасөздегі дизайн ерекшелігінің қыр-сырын сөз етеді.




Омарқожаұлы Н., Кенжебай М., Шуркин А. Мал шаруашылығы негіздері: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 168 б.

Оқу құралында мал шаруашылығының дамуы негізделетін үш бөлімі - мал өсіру, мал азықтандыру мен малды бағып-күтудегі зоогигиеналық талаптарды сақтау туралы мәліметтері қамтылған. Мал шаруашылығын қарқынды да экономикалық тұрғыдан ұтымды дамыту үшін өсірілетін мал басын бағытты сұрыптап, жұптап, тұқымдық қасиеттерін жетілдіре өсіру әдістері, ол қасиеттерінің іс жүзіне асырылып, жоғары да сапалы өнімділік көрсетуіне қажетті құнарлы азықтандыру мен зоогигиеналық талаптарға сай бағып-күту деректері берілген.



Кабдулкаримова К., Омарова Н. Органикалық химиядан практикум: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 192 б.

Органикалық химия практикумы тағам өндірісі мамандығы студенттеріне арналып жазылғандықтан, негізінен алифатты (май қатары) қосылыстарының: карбон қышқылдарының, күрделі эфирлердің, майлардың, көмірсулардың қасиеттері мен алыну жолына үлкен көңіл бөлініп құрастырылған.




Каскин Қ. Конвертерлік болат өндіру тәсілі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 168 б.

Оқу құралында конвертерлік процестің теориялық негізі, қазіргі заманғы болат өндіру процестері кеңінен қарастырылған. Конвертердің конструкциясы және оған қызмет көрсету шаралары берілген. Конвертер процесінің даму тарихынан бастап, материалдық және жылулық балансы мен техникалық-экономикалық көрсеткіштері келтірілген.




Жайлыбай К.Н. Күріш (фотосинтезі, морфофизиологиясы, анатомиясы, экологиясы, өсіру технологиясы, яғни ең жоғары әрі сапалы дән өнімінің қалыптасу теориясы). Монография. – Алматы: Ғылым, 2015. – 351 б.

Монографияда күріш сорттары ерекшеліктеріне, қоректену алаңына, тыңайтқыштар дозасына, енгізу мерзімі мен тәсілдеріне байланысты дақылдың фотосинтетикалық қызметі көрсеткіштерінің динамикасы және өзара қарым-қатнастарының, вегетативті мүшелерінің анатомиялық құрылысының негізгі заңдылықтары анықталды. Биіктігі, пісу мерзімі, архитектурасы әртүрлі күріш сорттары мен үлгілерінің нақты агроценоздарының (сирек өнімді, орта өнімді, жоғары өнімді, өте тығыз егістіктерінің) параметрлері зерттеліп белгіленді, ең жоғары әрі сапалы дән өнімінің қалыптасу теориясы тұжырымдалды. Жоғары өнімді (интенсивті) болашақ сорттардың морфофизиологиялық моделі және үлгілерін бағалап сұрыптау үшін физиологиялық әдістемелер (тесттер) тұжырымдалып, селекциялық процеске ұсынылды.



Болтаева Ә.М. Психологиялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 164 б.




Қарабаев Ш.Қ. Еңбек әлеуметтануы. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 352 б.

Ұсынылып отырған оқу құралында әлеуметтану ғылымының негізгі саласы болатын «Еңбек әлеуметтануы» еңбектің қоғамда алатын орнын, тарихи дамуын, ұйымдастырылуын, еңбекке бейімделуін, мінез-құлқын, еңбек тиімділігін, өнімділігін арттыруды, кәсіби бағдарлауын, ұжымдық ұйымның орнын т.б. социологиялық теориялар негізінде жоғары оқу орындарында өтетін бағдарламалық тақырыптарға сай беріледі. Аталған оқулықта еңбектің теориялық қайнар көздері, қағидалары мен ұғымдары, зерттеудің методологиясы ашып көрсетіледі.




Сисенғали З. Шындық шырайы – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 272 б.

Бұдан бұрын да оқырмандарына бірнеше жинақтарын ұсынған Халықаралық Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Закария Сисенғалидың жаңа кітабына ақынның соңғы жылдары жазылған жырлары мен тың туындылары енгізілді.




Бақытжанов И.Б. Сығымдағыштар және жылулық қозғалтқыштар: Оқулық. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 161 б.

Оқулықта энергетика саласында қолданылатын сығымдағыштар мен жылулық қозғалтқыштардың негіздері мен тиімділігі, түрлері, жылу электр станциялары мен жылу электр орталықтарындағы бу турбиналарының құрылысы және олардың жылу сұлбалары, қосалқы жабдықтары мен қондырғылары қарастырылған. Сығымдағыштардың, бу және газ турбиналардың құрамына кіретін элементтерін жобалау қағидалары, жылулық есептерін өткізу тәсілдері келтірілген. Сығымдағыштарда және турбиналарында өтетін жылу алмасу құбылыстардың физикалық негіздері көрсетілген.




Асылханова М.А. Психология: Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 320 б.

Оқу құралы жаңа мемлекеттік оқу стандартының талабына байланысты психология пәнінің типтік бағдарламасына сәйкес жазылған. Жеке адам және іс-әрекет, психикалық үрдістер мен таным процестерінің ғылым саласы ретіндегі мәні, даму тарихы, негізгі зерттеу пәні жан-жақты қарастырылған. Оқу құралы бойынша Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми теориялары мен тұжырымдамаларына қысқаша талдау берілген.



Отпепбергенова З.Д. Педагогикалық психология. Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 238 б.

Педагогикалық психология оқу құралы педагогикалық психологияның пайдаланып жүрген бағдарламасына сәйкес құрылған. Бұл оқу құралында студенттер ғылыми пәнмен және әдістермен, оқытудың, тәрбиелеудің және мұғалімнің психологиялық ерекшеліктерімен сондай-ақ педагог-психологтың іс-әрекетімен танысады. Кітапта баланың психикалық дамуымен оқыту арасындағы өзара байланыс та көрсетілген.




Ақылбеков Ә., Ермекова Ж., Дәулетбекова А. Физика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 440 б.

Инженерлік мамандықтарда физика базалық сабақ болып табылады. Физика заңдары мен зерттеу әдістері жылу техникасында, электротехникада, кибернетикада және де т.б. технологиялық бағыттарда кеңінен қолданылады.

Оқулықта жалпы физика курсы бойынша білім алушылар классикалық механика негіздерімен, молекулалық физика және термодинамика, салыстырмалық теория элементтерімен, электродинамика заңдарын, толқындар мен тербелістердің заңдылықтарын, ары қарай оптика, атомдық физика элементтері, атом ядросы физикасының негіздері, элементар бөлшектер және әсерлесулердің түрлерін талқылайтын болады.


**Мұсабеков Қ.Б., Есимова О.А., Керимкулова М.Ж.
Нанобөлшектердің коллоидтық-химиялық қасиеттері: оқу құралы. –
Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 121 б.**


Оқу құралында нанобөлшектердің коллоидтық-химиялық қасиеттері, нанотехнологияның дамуы принциптері, нанобөлшектердің жіктелуі мен дисперсті бөлшектердің өлшемдері, дисперсті фазасы, беттік энергияның нанобөлшек қасиетіне тәуелділігі, нанодисперсті жүйелердің молекулалық кинетикалық қасиеттері, оптикалық құбылысы жайлы практикамен байланыса отырып толық баяндалған.



Математикалық талдау-1: әдістемелік нұсқаулық / Құраст.: Ұ.Р. Көшербаева, Г.Қ. Рзаева, Г.Е. Абдурахитова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 100 б.


Бұл әдістемелік нұсқаулық студенттердің математикалық талдау пәніне өз бетімен дайындалуына ұсынылады. Әдістемелік нұсқаулықта аралық бақылаудың, тест тапсырмаларының, қағаздағы жабық түрдегі емтихандық тест тапсырмаларының үлгілерінің жауаптары және шығарылу жолдары берілген.






Ғабдулов М.А. Ауылшаруашылық дақылдарының аурулары: Оқулық. – Алматы, 2015. – 368 б.

Оқулықта өсімдік ауруларының белгілері, туындау себептері, инфекциялық ауру қоздырғыштарының сипаттары, сонымен қатар ауылшаруашылық дақылдарының өсімдіктерді аурулардан қорғау тәсілдері, иммунитет туралы мәліметтер келтірілген. Сол сияқты өсімдік ауруларын зерттеу әдістерінің сипаттамасы да қарастырылады. Бұл оқу құралы фитопатология пәнінің бірінші бөлімі болып табылады.




Беккулиева Б.М. Маркетингті жоспарлау: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 336 б.

Оқу құралында фирмалар мен компаниялардың қызметінде маркетинг элементтері мен принциптерін қолдану жөніндегі дағдыларды тәжірибелік игеруге жәрдемін тигізетін маркетингті басқарудың теориялық-әдістемелік негіздерін кешендік тұрғыдан зерделеу жүзеге асырылады. Сондай-ақ компаниялардағы маркетингтің заманауи тұжырымдамаларына және маркетингтік қызметті басқаруға баса назар аударылады. Кітапта маркетингтік қызметтің өзекті бағыттары мен ең жақсы құралдары келтірілген.



Кердерлік Ханафи Ғұлама. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 104 б.

Еңбекте қазіргі Арал өңірінен нақтырақ айтқанда Аралдың кепкен табанынан табылған Кердері қаласының немесе қазақтың Кердері руынан шыққан Шәмс әл-әимма Мұхаммед ибн Абдуссаттар әл-Кердеридің аты-жөні, шыққан тегі мен өскен ортасы және ұстаздары мен шәкірттері туралы көлемді мәліметтер қамтылған. Ғалымның қолжазба күйінде сақталған еңбектерін саралап, нақты деректер келтіріліп, олардың сақталған орындарын анықтап көрсеткен. Қолда бар еңбектеріне талдау жасалады. Негізге алынып отырған қолжазбада әл-Кердери ислам әлеміне танымал әл-Ғазалидің еңбегіне сын жазып, Ханафи мәзһабын қорғап, Әбу Ханифаның ислам ғылымындағы орны мен ерекше қасеттеріне тоқталған.



Мизамбекова Ж.К., Шаршанкулова Д. Қаржылық менеджмент: Оқулық әдістемелік құрал. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 179 б.

Қаржылық менеджмент пәннің арналымы - студенттермен қаржы менеджменті туралы іргелі білімді игеру, қазіргі экономикалық ойлардың қалыптасуы, қаржы шешімдерін басқаруды негіздеуге және оларды компаниялар деңгейінде іске асыру. Қазақстан Республикасында қаржылық есеп берудің халықаралық стандартқа жаппай өтуі, оның негізгі ұстанымдарының бірі маңыздылықтың нысандардан басымдылығын көрсетеді; қаржыда сандық, әсіресе, сандық әдістерді кеңінен қолдану, бұрынғы бар бағдарламаларға сын көзбен қарап, қайтадан жетілдіруді талап етті.